



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

10.02.2025 ж.

Ақтөбе қаласы

№ 22

город Актюбе

**М. Е. Узакбаевты
қызметінен босату туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 49-бабының 9-тармағын, 60-бабының 2-тармағын «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығын басшылыққа алып,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасағандығы жөнінде күшіне енген сот актісінің болуына байланысты «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жайсаң арнайы білім беру ұйымы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры **Мухамбетжан Едилбаевич Узакбаев 2025 жылғы 10 ақпаниан бастап қызметінен босатылсын;**
2. «Жайсаң арнайы білім беру ұйымы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Мухамбетжан Едилбаевич Узакбаевпен төленуге жататын төлемдер бойынша есептесу жүргізсін;
3. Конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жайсаң арнайы білім беру ұйымы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының міндетін атқару директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары **Айсамал Кажимухановна Динасиловаға** барлық құжаттарға бірінші қол қою құқығымен **2025 жылғы 10 ақпаниан бастап** жүктелсін;
4. Осы бұйрықтың орындалуы бақылау басқарма басшысының салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Негіздеме: 2025 жылғы 5 ақпандағы №1599-25-002-1а27 Ақтөбе облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулысы

**«Ақтөбе облысының білім
басқармасы» ММ-нің басшысы**

Б. Күзембаева



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы «6» 01

Ақтөбе қ.

№ 5

ПРИКАЗ

« » 20 года

г.Ақтөбе

**М. Е. Узакбаевты
қызметінен шеттету туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 48-бабын, Бюджеттің атқарылуы және оған қассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылғы 31 желтоқсанда өткен сот отырысының қаулысы заңды күшіне енгенге дейін және тиісті рәсімдер толық аяқталғанға дейін «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жайсаң арнайы білім беру ұйымы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры **Мухамбетжан Едилбаевич Узакбаев 2025 жылғы 6 қаңтардан бастап қызметінен уақытша шеттетілсін;**

2. Директорлық лауазымнан шеттетілген кезеңде Мухамбетжан Едилбаевич Узакбаевтың жалақысы сақталмайтындығы және уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақысы төленбейтіндігі ескерілсін;

3. Осы аралықта «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жайсаң арнайы білім беру ұйымы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының міндетін уақытша атқару директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары **Айсамал Кажимухановна Динасиловаға** барлық қаржы құжаттарына бірінші қол қою құқығымен **2025 жылғы 6 қаңтардан бастап жүктелсін;**

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

«Ақтөбе облысының білім
басқармасы» ММ басшысының м. а.



Н. Бертлеуова